

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының
«Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығы» КММ

«Бекітілді»
БҚО ББ БҚО ӘО
директоры

Г.Кубашева



«Келісілді»
БҚО ББ БҚО ӘО
директорының орынбасары

А.Масалимов

«Енгізілді»
БҚО ББ БҚО ӘО МдТО
бөлімінің басшысы

Д.Кудашева

DAS.KZ –
ӘДІСКЕРЛЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ»
ЖОБАСЫ

**DAS.KZ – әдіскерлердің инновациялық трансформациясы»
ЖОБАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

KZ – Қазақстандық контекст, білім беру жүйесіне бейімделген жоба
Ұраны: «DAS – Даму.Алға.Серпін»
«Білім берудегі серпіліс – әдіскерден басталады!»

Жобаның атауы	DAS.KZ – әдіскерлердің инновациялық трансформациясы» жобасы
Жобаның мақсаты	Әдіскерлердің кәсіби қызметін инновациялық тұрғыда трансформациялау арқылы әдістемелік жұмыстың сапасын арттыру және білім беру жүйесіне тиімді әдістемелік қолдау көрсету
Негізгі міндеттері	<ul style="list-style-type: none">- әдіскерлердің цифрлық және педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту;- инновациялық әдістемелік тәсілдерді меңгерту және тарату;- бірлескен онлайн/офлайн платформалар арқылы тәжірибе алмасу алаңдарын құру;- әдістемелік жұмыстарды талдау, бағалау және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;- әдіскердің көшбасшылық және фасилитациялық дағдыларын дамыту
Жобаның жүзеге асыру уақыты	2 жыл (2026 жыл, 2027 жыл)
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none">- әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігі жоғарылайды;- заманауи білім беру үрдістеріне бейімделген әдістемелік құралдар мен ресурстар базасы жасақталады;- инновациялық әдістемелік тәжірибелер жинақталады және таратылады;- әдіскерлер арасындағы серіктестік пен өзара қолдау күшейеді;- әдіскерлердің трансформацияланған жаңа кәсіби бейнесі қалыптасады,
Жобаға қатысушылар	аудандық, қалалық әдістемелік кабинеттерінің мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы бойынша әдіскерлері



Облыстық
«DAS.KZ – әдіскерлердің инновациялық трансформациясы»
жобасын ұйымдастыру ережесі

I. Жалпы ережесі

1.1. «DAS.KZ – әдіскерлердің инновациялық трансформациясы» жобасы (бұдан әрі қарай Жоба) – әдістемелік орталықтарда (кабинет) қызмет ететін әдіскер мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, тәжірибе алмасуы және әдістемелік жұмысты заманауи талаптарға сай трансформациялау мен жана форматтағы әдістемелік мәдениетті қалыптастыруды көздейді.

1.2. Жобаның мақсаты:

1.2.1. Әдіскерлердің кәсіби қызметін инновациялық тұрғыда трансформациялау арқылы әдістемелік жұмыстың сапасын арттыру және білім беру жүйесіне тиімді әдістемелік қолдау көрсету.

1.3. Жобаның міндеттері:

1.3.1. Әдіскерлердің цифрлық және педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту;

1.3.2. Инновациялық әдістемелік тәсілдерді меңгерту және тарату;

1.3.3. Бірлескен онлайн/офлайн платформалар арқылы тәжірибе алмасу алаңдарын құру;

1.3.4. Әдістемелік жұмыстарды талдау, бағалау және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

1.3.5. Әдіскердің көшбасшылық және фасилитациялық дағдыларын дамыту.

II. Жобаның күтілетін нәтижелері:

2.1. Әдіскерлердің кәсіби құзыреттілігі жоғарылайды;

2.2. Заманауи білім беру үрдістеріне бейімделген әдістемелік құралдар мен ресурстар базасы жасақталады;

2.3. Инновациялық әдістемелік тәжірибелер жинақталады және таратылады;

2.4. Әдіскерлер арасындағы серіктестік пен өзара қолдау күшейеді;

2.5. Әдіскерлердің трансформацияланған жаңа кәсіби бейнесі қалыптасады. Әдіскерлердің өзін-өзі жетілдіруі, іске асыруы және танытуы;

III. Жобаның мазмұны, бағыттары және ұйымдастыруы

3.1. Жоба Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығының қолдауымен ұйымдастырылады.

3.2. Облыстық әдістемелік орталығы Жобаны үйлестіруші-ұйымдастырушы болады және мынадай мәселелерді шешеді:

- ашылу қызметі туралы құжатты рәсімдейді;

- Қатысушылардың қатысуына ықпал етеді;

- жоба қатысушыларына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

- жоба жұмысының тиімділігін сараптап, зерделейді;

- жобаның жұмыс жасауын қамтамасыз етеді және қызметін үйлестіреді.



3.3. Жоба жұмысы аудандық (қалалық) мектепке дейінгі ұйымдар базасында ұйымдастырылады.

3.4. Жоба жұмысына аудандық, қалалық әдістемелік (кабинет) орталықтардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы бойынша әдіскерлері қатысады.

3.5. Жоба мынадай құрамда жұмыс жасайтын болады: куратор, шығармашылық (мобильді) топ және қатысушы-әдіскерлер.

3.6. Жобаның шығармашылық тобы Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының 2023 жылғы 6 қаңтардағы №13 бұйрығымен бекітілген тәжірибелі педагогтерден құрылған құрамынан тұрады.

3.7. Жоба бойынша онлайн және офлайн тренингтер, семинар-практикум, дәріс, тренинг, шеберлік сыныптар, дөңгелек үстел, коучингтер, практикалық сессиялар түрінде тәжірибе алмасу алаңында жұмыстар жүргізіледі.

3.8. Жоба 2 жылға арналған, жылына 3 рет жұмыстанады. Оқыту 2 күнде жүзеге асырылады. Тындаушылардың оқу жүктемесі - бір күнде 8 сағат, 2 күнге 16 сағат, барлығы бір жылда 48 сағат. Екі жылда 96 сағатты құрайды.

3.9. Жоба қатысушылары оқыту курсының 3 кезеңіне де қатысуы тиіс.

3.10. Жоба құжаттарының мазмұны:

- жоба бастау туралы бұйрығы;
- жоба қызметін ұйымдастыру ережесі;
- жылдық жұмыс жоспары;
- жобаның жұмысы туралы есебі және талдауы;
- шығармашылық топ құрамы;
- аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің келісімдері;
- жоба қатысушыларының тізімі.

IV. Жоба жетекшілері, шығармашылық тобы мен қатысушыларының міндеттері

Жоба куратор, шығармашылық (мобильді) топ және қатысушы-әдіскерлер құрамында жұмыс жасайтын болады:

- жоба жетекшісі облыстық әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша бөлім басшысы тағайындалады.
- шығармашылық (мобильді) топтың құрамына әдістемелік орталықтың әдіскерлері мен кәсіби тәжірибелі педагогтер кіреді.
- қатысушылар аудандық, қалалық әдістемелік (кабинет) орталықтардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы бойынша әдіскерлер.

4.1. Жетекші - Куратордың лауазымдық міндеттері:

- жобаның жылдық жұмыс жоспарын құру.
- аудандық, қалалық әдістемелік (кабинет) орталықтардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы бойынша әдіскерлерін жобаға тарту;
- жобаның жұмыс кестесі мен іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- шығармашылық топтың құрамын жинау;
- қатысушылардың уақытында келуін қамтамасыз ету.
- жоба жұмысының жоспарға сәйкес жүргізілуіне жауапты болу;
- жоба жұмысына талдау жүргізу.



4.2. Шығармашылық топтың лауазымдық міндеттері:

- жоба жұмысына уақытылы және белсенді қатысу;
- дәріс материалдарын, құжаттарын, практикалық тапсырмаларды, тесттерді және т.б. материалдарды дайындау;
- жоба нәтижесі бойынша материалдарын дайындау (тест, бақылау жұмысы, шығармашылық жобаларды қорғау т.б.).

4.3. Қатысушы педагогтердің лауазымдық міндеттері:

- жоба жұмысына уақытылы және белсенді қатысу;
- дәріскерлердің берген тапсырмаларын жауапкершілікпен орындау.
- жоба жұмысын, үйренгендерін, көргендерін өз қызметтерінде жүзеге асыру, жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есеп беру;

V. «DAS.KZ – әдіскерлердің инновациялық трансформациясы» жобасының базалық мазмұны

5.1. Әдістемелік жұмыс

Әдістемелік жұмыс – қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруіне және білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған жүйелі қызмет мынадай мазмұнды қамтиды:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы әдіскерлерінің негізгі лауазымдық міндеттерін талдау және сараптау;
- функционалдық сауаттылықты арттыру;
- педагогикалық қызметкерлермен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың түрлері;
- мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие жүйесін бақылау және әдістемелік басшылық жасау;
- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту Типтік оқу бағдарламасын зерделеу әдісі;
- әдістемелік кеңестер, семинарлар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер және т.б. форматтағы шараларды ұйымдастыру;
- педагогтердің озат педагогикалық тәжірибе жұмысын енгізу, жалпылау, зерттеу;
- цифрлық технологияларды әдістемелік қолдау жүйесіне енгізу (онлайн-платформалар, мобильді қосымшалар, жасанды интеллект құралдары);
- әдістемелік құралдардың интерактивті, мультимедиялық нұсқаларын әзірлеу;
- инновациялық әдіс-тәсілдер бойынша тәжірибе алмасу алаңдарын құру.
- әдістемелік жұмыстың теориясы, қызметін жаңадан бастаған әдіскерге жадынама жасақтау, практикалық тапсырмаларды орындау;
- жас мамандарға тәлімгерлік және коучинг қызметін ұйымдастыру;
- әдістемелік сұрақтарға жедел кеңес беру;
- әдістемелік жұмыстың тиімділігін талдау және мониторинг жүргізу;
- сауалнама жүргізу бойынша материалдарды талдау, әдіскерлердің жұмысына өзіндік талдау;
- әдістемелік жұмыстағы қиындық тудыратын мәселелерді шешу жолдары;
- шығармашылық жұмыс (эссе);

- өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейде әдістемелік қауымдастықтармен байланыс орнату;
- «Best Practice Panorama» форматында үздік тәжірибелерді көрсету;
- цифрлық платформа арқылы әдіскерлердің бірлескен жұмысын дамыту.
- рефлексия арқылы тәжірибені жетілдіру, жаңа ұсыныстар енгізу.

VI. Жоба жұмысының нәтижесі

6.1. «DAS.KZ – әдіскерлердің инновациялық трансформациясы» жобасының қатысушылары Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығының курс аяқтағаны жөніндегі Сертификат беріледі.